

Аламын жаттап
Жаңа жыл келді
Жаңа жыл аппақ

Омархан:

Бізбен бірге жайдарлы
Аяз-Ата жайнайды
Жарқырайды шыршамыз
Өн айтамыз баршамыз

Әмина:

Бізбен бірге жайдарлы
Жарқырайды, жайнайды
Жасыл әсем шыршамыз
Қуантады баршаны

Алмас:

Жаңа жылды жаңаша
Тақпақтарды айтамыз
Болсын риза балаша
Аппақ біздің атамыз

Садуахас Алау:

Ақша қарға малынып
Аппақ тонын жамылып
Сақалы мен мұртына
Күміс моншақ тағылып
Аяз-Ата келеді
Балаларды сағынып

С.Алау:

Аула сырты бақта да
Тұрғызамыз аққала
Аққаланы айнала
Ойнаймыз біз шаттана

Асылан:

Лебі мұздай ызғарлы,

Алып келді қыс қарды

Қысқа түндер ұзарды

Ұзақ күндер қысқарды

Ә.Аяла:

Аяз сүйіп қарсы алған

Жердің аппақ тұлғасы.

Қыстың айы-Қаңтардан,

Басталады жыл басы

Би: «Гномдар» Ұлдар биі

Орындайтындар: Хантөре, Бекасыл, Алмас

Мансұр, Ерқанат, Омархан

Мейіржан, Мырзағали, Асылмұрат

Ән: Хор «Шырша әні»

Аяз-Ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуанып, алыс жерден шаршап келгенде, көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімді, өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерің қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біз сендерге сыйлығымызды таратып беріп, жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балалаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер, аспандарың ашық болсын! Қош сау болыңдар!

Орман ханшайымы: Құрметті қонақтар балалар! «Алақай, жаңа жыл келді» атты мерекеміз аяқталды. Осындай керемет болып өтуіне ат салысқан ата-аналар әріптестер сіздерге мың алғыс! Жаңа жыл құтты болсын, отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш, табыс әкелсін!!!



19.12.22 г.



26.12.2022 13:17







Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
«Балдырган»
бөбекжай балабақшасы

Ертеңгілік
«Ана – асыл қазынам!»

Тәрбиешілер: Кенжебекова. Ш.
Бегимова. Б.

Әп.жет: Ештаева.С

2022-2023 оқу жылы



«Ана-асыл қазынам!»

Алмас: Құрметті аналар, әжелер! Сіздерді сегізінші наурыз мерекесімен құттықтаймыз. Зор денсаулық, ашық аспан, көктемдей көңіл тілейміз.

Ана дейміз бәрімізде аңқылдап,
Ана дейді жас сәбидей жарқылдап.

Оралхан: Той пердесін ашайық,
Тойға шашу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Аналар мерекесімен құттықтайық.

Ана деген бәйтерегі өмірдің,
Ана деген алтын қазық, алтын бақ.

Жүргізуші: Балдар, бүгін аналардың, әжелердің, біздің сұлу, қыздарымыздың да мерекесі ғой! Олай болса, қыздарымызды ортаға шақырайық.

Оралхан: Қыздарды қарсы алайық!

Хор: «Айналайын ақ мамам»

Жүргізуші: Құрметті ақ жаулықты әжелер, аналар, балабақша ұжымдары сіздерді көктемнің алғашқы мерекесімен Аналар күнімен құттықтаймыз.
Көктемдей құлпырып, гүлдей жайнап жүре беріңіздер.

Ақ тілекті ағытып бір тастайық,
Аналардың мерекесін бастайық.

- дей келе ұл қыздарымыздың тақпақтарын тыңдаңыздар.

Айша: Ана десем алғыс алам халқымнан,
Ана десем теңіз болым шалқыған.
Ана десем, ашылады қабағым,
Ана десем, әділдікті ұғамын
Бір ғана емес,
Қадір тұтқан бабалар
Аналардан туған небір даналар,
Ана деген тіршіліктің тірегі
Армысыздар, қасиетті аналар!

Таңнұр: Мәпелейді, әлдейлейді бағады,
«Құлыным» деп құшағына алады.
Өзгеге де, өзіне де жауапты,
Барлығына қалай уақыт табады?

Мансұр: Мерекесі бүгін
Алтын ананың,
Сыйлайыншы гүлін
Жарқын даланың.

Айдана: Анашым асылым,
Анашым жүрегім.
Аман бол анашым,
Аман бол тірегім.

Айтөре: Ақылшымыз, данашым
Ұзақ өмір сүріңіз,

Айналайын анашым

Алдымызда жүріңіз.

Мейіржан: Түн ұйқысын төрт бөліп,
Әппештеген анашым
Жақсы болсам асырып,
Жаман болсам жасырып
Қамқор болған анашым.

Жүргізуші: Сіздерге арналған биімізді қабыл алыңыздар.

Би: «Вальс»

Ортаға шығатындар: Дархан-Таңнұр, Ерқанат-Әмина, Бекасыл-Нұрсәуле,
Асылмұрат-Жасмина, Алмас – О. Аяла, Әмір – Хадия,
Мырзағали – Е. Аяла, Айтөре -Ә. Аяла

Жүргізуші: Енді біздің көріністі тамашалаңыздар.

Көрініс: ^{ана}
«Үш а»

Жүргізуші: Ойынға келген Алау қыз қуыршағын іздейді. Столдың астынан тапты
да, Қал сұрауды көздеді.

Алау: Қызым менің қалайсың?
Томсырайып қарайсың
Қарның ашып отырмай,
Тамақ ішсең жарайсың,
Егер тамақ ішпесең, қу сүйек боп қаласың.
Отыр қане қасыма,
Тамақтанып аласың. (Қуыршағын алдына алып отырады.)

Анасы: Ә. Аяла Алаужан, бүгін сен, Тамақ ішіп көрдің бе? Қызықтап әлде ойынды, Кешке дейін жүрдің бе? Күнде саған ұмытпай, Тамғыңды іш деймін. Тіл алмайсын қырсығып, Осы сені не істеймін. (отырады)

Жүргізуші: Анасының артынан, аптығып әже кіреді.

Алау: Айналайын, алтыным
Шаршамадыңба, жарқыным,
Ішпедің -ау тамақ та,
Жайын ойлап жалпының.
Қарашығым, қарағым
Түсіңкі ғой қабағың,
Сөткемен тұрып жұмыста
Болмай қалды – ау тамағын (отырады)

Бәрі бірге қосылып: Қандай қиын, қараңдаршы,
Қырсық мінез бала болу.
Бәрінен де, оңай емес,
Білсеңіздер ана болу.

Жүргізуші: Енді осы аналарымызға тағы да тақпақтарымыз бар тыңдаңыздар

Көркем: Қадірлі аналар көңілі
Көктемдей жайнап гүл ашылсын.
Бақытқа толып өмірі
Шаттыққа шаттық ұласын.

Е.Аяла: Анаң болса қасыңда,
Басқа бақыт не керек.
Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет.

Хадия: Мен айтамын тақпақ,
Алып едім жаттап
Менің анам әдемі,
Менің анам аппақ.

Әмина: Өмір сыйлаған анашым,
Өзіңе мен ризамын.
Аяулы менің анашым
Қайда жүрсеңде сағынамын.
Аялаған алақаның,
Маңдайымнан сипағаның
Мен бақытты боламын.
Өскен соң, бағамын
Алғысыңды аламын!

Жасмина: Тағам дәмі тұзбенен
Үйдің сәні қызбенен.
Деген сөзді естіген,
Қыз боламын есті мен.
Қолғабысқа жараймын,
Тазалықты қалаймын
Ана еңбегін силаймын,
Үйдің ішін жинаймын.

Жүргізуші: қыздарымыздың «Қолшатыр» биін тамашалаңыздар

Би: «Қолшатыр»

Орындайтындар: Айдана, Таңнұр, Інжу, Ә Аяла, Айша, Әмина, Алау-1, Алау-2
(арта) (арта) (арта) (арта)

Жүргізуші: Ұлдарымыздың әжелерге, аналарға, қыздарға арналған әнімізді тыңдаңыздар. Сабира апайдың сүйемелдеуімен орындайды.

Омархан: Ана – әже сіздерді,
Құттықтаймыз біз бүгін
Құтты болсын мереке,
Құтты болсын дейміз біз
Еркем, еркем, еркем- ай.

Әмір: Келсем ерте бақшаға,
Қарап қалдым тамсана
Бүгін біздің қыздарды,
Танымадым соншама
Еркем, еркем, еркем -ай.

Хантөре: Қыздар біздің сәнқой -ақ,
Үлкендердей болам деп.
Солай жүре алам деп,
Әшекейлер тағады
Бетіне опа жағады.
Еркем, еркем, еркем-ай.

Абылай: Ырза бізге әже-де,

Ырза бізге ана- да
Біз өнерлі баламыз,
Ырза болсын бәрі де,
Еркем, еркем, еркем-ай.

Ерқанат: Анаралды мазалап,
Жыламаймыз біз енді.
Тәтті күнде сұраймыз,
Тастаймыз бұл әдетті
Боламыз біз әдепті.
Еркем, еркем, еркем-ай

Жүргізуші: Балалар біреу келе жатқан сияқты. Сәлеметсің бе, сен кімсің?

Сотқар қыз: Сәлем бердім бәріңе! Мен Сотқар қызбын.
Аяз ата келіп тұр,
Бізге сәлем беріп тұр.
Өтірік сақал қойып ап,
Балаларды алдап тұр.

Жүргізуші: Біз жаңа жыл мерекесін тойлап жатқан жоқпыз. Аналар мерекесін
тойлап жатырмыз.

Сотқар қыз: Қандай мереке? Мен неге ештеңе білмеімін. Ой қандай керемет!
Менде әдемі қызбын ғой, мені де құттықтаңдаршы!

Жүргізуші: Әрине, мерекеңмен! Өзің әдемі, көңілді қыз екенсің. Отырып дем ал
балалардың өнерін тамашала.

Ән: Айша қызымыздың әнін тыңдаңыздар.

Айша: Осындағы Аналарды, әжелерді, мына менің құрбыларымды, балабақша апайларын мерекелеріңізбен құттықтап, сіздерге зор денсаулық, көктемдей жайнап жүре беріңіздер дегім келеді. Мына әнді сіздерге сыйға тартқым келеді

(Көктем ханшайымы келеді.)

Ару Көктем: - Сәлеметсіздер ме! Құрметті ақ жаулықты әжелер, аналар, әпкелер.

Мен көңілді көктеммін,
Былтыр келіп кеткенмін
Нұр боп көктен төгілем,
Шуағын төгіп әлемге
Қуатын күннің әкелем,
Табиғаттың төсіне
Тіршілігін әперем.

Жүргізуші: Қош келдің Көктем ханшайымы. Біздің ұл-қыздарымыздың өнерлерін тамашалап, бізге қонақ бол.

Қариясы бар үйдің, қазынасы бар деп бекер айтылмаған. Әжелерге арнап тақпақтарымызды тыңдаңыздар.

Асылмұрат: Мені ертіп жетектеп,
Осы күнге жеткізген.
Бізді бағып өсірген,
Аман болсын жан әжем.

Нұрсәуле: Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем
Тентек болсам кешірген,
Ауырмашы, ақ әжем.

Дархан: Немересін жанындай
Әжем жақсы көреді
Қонаққа барса ұмытпай,
Кәмпіт әкеп береді.

Мырзағали: Менің әжем ақ әжем
Сені жақсы көремін.
Сізге арнап мен бүгін,
Өлең оқып беремін.

Бекасыл: Менің әжем ақ әжем
Аман болшы әрқашан.
Менің әжем ақ әжем,
Табылшы әркез қасымнан.

Асылан: Ақ жаулықты әжелерді,
Аналарды сүйеміз
Әрқашан ардақтап,
Сіздерге бас иеміз.

О. Аяла: Әже деген көп шығар,
Әжемдей менің жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

Жүргізуші: Ой балалар, балалар
Ойнайық та күлейік.
Қызықты ойын бастайық

Дем алайық саспайық.

Ойын: «Анаңды кедергіден өткіз»

Ойынның шарты: Ананың көзін жұмып, баласы жетектесіп кедергілерден өтулері керек.

Би: «Шляпа»

Орындайтындар: Абылай – Көркем, Асылан – Е. Аяла, Мансұр – Жасмина,
Оралхан – Айдана, Хантөре – Айша, Алмас – С. Алау,
Омархан – С Алау

Ән хор: «Құттықтаймын ана»

Көктем Ханшайымы: Мына менің құшағым толы қыр гүлі. Осыны ұл-қызарға
сыйлағым келіп отыр. Осы гүлдей құлпырып жүре берсін
Әжелерге аналарға сыйлағанын қалаймын. Мерекелеріңіз
құтты болсын. Сау болыңыздар

Жүргізуші: Құрметті қонақтар осымен біздің ертеңгілігіміз аяқталды.
Отбастарыңызға қуаныш тілейміз. Аналар мерекесі құтты болсын!
Сау болыңыздар.


27.02.23г.







